| 22 | Ақпан  | <b>«Шын<br/>жүрекпен<br/>кітап сыйла<br/>мағанда»<br/>«Балалар<br/>кітапханасы<br/>жобасы»</b> | 14 ақпан<br>халықаралық<br>кітап сыйлау<br>мерекесі<br>аясында мектеп<br>оқырман-дары<br>өзара кітап<br>алмасады                                                  | Booklover         | 6 сынып<br>Кітапханаш<br>ы              | Мәдени –<br>ағартушылық<br>бағыт  |
| 23 | Ақпан  | <b>«Муза мен<br/>Мұқағали»</b>                                                                 | Мұзбалақ ақын<br>М.Мақатаевтың<br>сыршыл<br>жырларын<br>көпшілік<br>оқырманға<br>таныту                                                                           | Музыкалық<br>кеш  | 7-8 кластар<br>Кітапханаш<br>ы          | Көркем<br>әдебиет                 |
| 24 | Ақпан  | <b>«Жауһар<br/>жүректі<br/>Жүрсін»<br/>домбырашылар<br/>мен</b>                                | Ақын,<br>журналист,<br>қазіргі айтыс<br>өнерін<br>ұйымдастыруш<br>ы Жүрсін<br>Ерманның өмірі<br>мен<br>шығармашылығ<br>ын<br>оқырмандарға<br>кеңінен<br>таныстыру | Танымдық<br>сағат | Мектеп<br>оқырмандар<br>ымен            | Мәдени –<br>эстетикалық<br>тәрбие |
| 25 | Наурыз | <b>«Алғыс айту –<br/>адамзаттың<br/>асыл қасиеті»</b>                                          | Жас<br>оқырмандарды<br>ң ата – анаға,<br>үлкен – кішіге<br>деген                                                                                                  | Караоке           | Оқырмандар<br>дың кең<br>ортасы         | Эстетикалық,<br>мәдени тәрбие     |

|    |        |                                                     |                                                                                                                                                                 |                |                                            |                                                   |
|----|--------|-----------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------|--------------------------------------------|---------------------------------------------------|
|    |        |                                                     | сүйіспеншілігін сыпайы-лық қарым – қатынаста-рын дамыту. Ризашылық пен алғыс, жақсы тілек, ізеттілік туралы түсінік беру.                                       |                |                                            |                                                   |
| 26 | Наурыз | <b>«Шын жүректен кітап сыйла»</b>                   | «Біртұтас» тәрбие бағдарламасы негізінде 15 наурыз-қайырымдылық күніне орай челлендж                                                                            | Кітап көрмесі  | Кітапханашы                                | Эстетикалық көркем тәрбие                         |
| 27 | Наурыз | <b>«Fashion иллюстрация book »</b>                  | Бұрынғы және қазіргі қазақ сән әлеміне медиа талдау                                                                                                             | Podium Status  | 8-9 класс қыз балаларына                   | Эстетикалық, көркем тәрбие                        |
| 28 | Наурыз | <b>«Әйел бейнесі-қоғам бейнесі»</b>                 | Қазақ батыр қыздары мен ақын әйел жазушыларының өмірі мен шығармашылығын талдау, дәріптеу                                                                       | Букенариум     | 5-8 кластар                                | Мәдени – жаңғыру тәрбиесі                         |
| 29 | Наурыз | <b>«Наурыз-жаңарудың мерекесі»</b>                  | Ұлыстың ұлы күні наурыз мерекесін тойлау. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін бала бойына сіңіру                                                                    | Әдеби қонақжай | Оқырмандардың кең ортасы<br>Кітапханашылар | Эстетикалық және көркем әдебиет тәрбиесіне қолдау |
| 30 | Сәуір  | <b>«2 сәуір-халықаралық балалар кітаптары күні»</b> | Кітап оқуды жақсы көру-ге тәрбиелеу, балалардың шығармашылық дамуына жағдай жасау; сөйлесу мәдениетіне тәрбиелеуді жүзеге асыру; оқымысты балаларды ынталандыру | Мерекелік шара | Кітапханашы<br>1-11 сынып жетекшілері      | Мәдени – жаңғыру тәрбиесі                         |

|    |       |                                                                              |                                                                                                                                                                                           |                       |                                         |                              |
|----|-------|------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------|-----------------------------------------|------------------------------|
| 31 | Сәуір | <b>«Қазақ КСР-нің халық суретшісі Әбубәкір Ысмайловтың туғанына 111 жыл»</b> | Ұлттық кескіндеме өнерінің реалистік бағытындағы суретші, стилі халық шеберлері туындыларымен астасып жатқан суретшінің өмірі мен шығармашылығы жөнінде сыр шерту                         | Танымдық сағат        | Оқырмандардың кең ортасы<br>Кітапханашы | Эстетикалық тәрбие           |
| 32 | Сәуір | <b>«Души прекрасные порывы»</b>                                              | Воспитание эстетически развитого и мыслящего в категориях культуры читателя, способного самостоятельно понимать и оценивать произведение как художественный образ мира, созданный автором | Литературная гостиная | Библиотекарь<br>7-8 класс               | Эстетическое значение поэзии |
| 33 | Сәуір | <b>«Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы</b>                            | «Оқуға тиіс 100 кітап» жобасының аясында Республика бойынша таңдалған әдебиетті қалың оқырманға насихаттау                                                                                | Республикалық акция   | Кітапханашы                             | Мәдени эстетикалық тәрбие    |
| 34 | Сәуір | <b>«Бірге кітап оқиық!»</b>                                                  | Орта буын оқырмандары арасында кітап сүйер қауымды көбейту негізінде марафон ұйымдастыру                                                                                                  | Республикалық акция   | Мектеп оқырмандары                      | Мәдени – жаңғырту тәрбие     |
| 35 | Мамыр | <b>«Бірлігі жарасқан – Қазақстан»</b>                                        | Қазақстанның патразимге, елін, жерін                                                                                                                                                      | Кітап көрмесі         | Кітапханашы<br>5-6 кластар              | Мәдени – эстетикалық тәрбие  |

|    |       |                                           |                                                                                                                                                                      |                  |                                                                |                             |
|----|-------|-------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------|----------------------------------------------------------------|-----------------------------|
|    |       |                                           | сүюге және халқын құрметтеуге тәрбиелеу                                                                                                                              |                  |                                                                |                             |
| 36 | Мамыр | <b>«Тәуелсіздіктің тұғырлы белесі»</b>    | Қазақстанның патразимге, елін, жерін сүюге және халқын құрметтеуге тәрбиелеу                                                                                         | Кітап көрмесі    | 1 – 4 сынып оқушылары<br>Кітапханашы                           | Мәдени – эстетикалық тәрбие |
| 37 | Мамыр | <b>«Ерлікке тағзым-ұрпақ парызы»</b>      | Ұлы Отан соғысының батырларының өмірі мен ерлігін насихаттау. Отан-сүйгіш, патриот азамат боп өсуге тәрбиелеу.                                                       | Тарихи кеш       | Кітапханашы<br>8 сынып                                         | Патриоттық тәрбие           |
| 38 | Мамыр | <b>«Үздік оқырманды бірге анықтаймыз»</b> | Оқырмандарды кітап оқу өнеріне, дүниетанымын кеңейтуге, білімдерді сарқып білуге, оқығандарын дұрыс бағалай білуге, өмірде, еңбекте оқуда кітапты пайдалануға баулу. | Оқырман бенефисі | 1-4 бастауыш кластар, 5-7 орта буын кластар, 9-11 жоғары класс | Мәдени – эстетикалық тәрбие |
| 39 | Мамыр | <b>«Жаз ертекпен жайдары»</b>             | Жазғы демалыс уақытын тиімді пайдалану                                                                                                                               | Инста байланыс   | Оқырмандардың кең ортасы<br>Кітапханашы                        | Көркемдік тәрбие            |

Медиа кітапхана оқу залына жаңадан келген кітаптарды таныстыру мақсатында әлеуметтік парақшаға видеороликтер жүктеліп, Д.Қонаев атындағы ЖББОМГ медиа кітапхана оқу залында жаңадан келген кітаптарды мұғалімдерге таныстыру мақсатында **«Жаңа кітаптар әлеміне саяхат»** кітап көрмесі таныстырылды. Жасалған жұмыс әлеуметтік парақшаға жарияланды.

Мектеп оқушылары мен ата-аналарынан кітапханада көрсетілген қызмет сапасын, ыңғайлылық пен қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында **«Мен және кітапхана»** атты гугл формада сауалнама алынып, нәтижесі әлеуметтік парақшаға, сайтқа және газет-журналдарға жолданды.

Қазақ әдебиетінің тілінің қолдану аясын мүмкіндігінше кеңейтіп, функционалдық өрісінің қанатын кеңге жайған да Абай мен Ахмет сынды тұлғалар. Абай ақын ретінде қазақ поэзия тілін әлемдік жауһардың қатарына қосса, Ахмет түлеткен ұлттық ғылыми стильдің жемісі-бүгінгі қазақ ғылымының тілі. Ұлтты ұлт ететін оның тілі, жері, тарихы, мәдениеті десек, осы темірқазықтарды бағамдауда екі алып тұлға - Абай мен Ахметтің сіңірген еңбегі, атқарған істері ұшан-теңіз. Сол себепті екі тұлғаның өмірі мен шығармашылығын қалың көпшілікке насихаттау біздің азаматтық борышымыз. 5 қыркүйек-Тілдер күніне орай әлеуметтік парақшаға **«Тіл ұлттың асыл қазынасы»** атты бейнеролик жарияланды.

«Ата Заңым-Тәуелсіз Таң, үкілеген үміт» ҚР Конституциясы күніне орай 7 сынып оқушыларымен ай-стоппер ұйымдастырылды. Оқушыларға Ата Заңымыз туралы молынан мағлұматтар беріліп, бейнесюжеттер көрсетілді.

Шығармашылық жолын ақындықпен бастаған Бердібек Соқпақбаев проза жанрында өшпестей із қалдырды. Балалар әдебиетінің классигі атанды. Сөз өнерінің маржанын терген Бердібек Ыдырысұлы Соқпақбаевтың аталық сөзі мен адами болмысын, шығармаларын оқырмандарға насихаттау мақсатында 7 “П” сынып оқушыларымен “Балалар әдебиетінің бәйтерегі” атты әдеби кеш ұйымдастырылды. “Бір ел-бір кітап” акциясы аясында ұйымдастырылған шарада медиа кітапхана оқу залында сақталған жазушының шығармалары таныстырылып, “Жәдігер” көркемфильмі оқырмандар назарына ұсынылды.

Жоспарға сәйкес «Оқулыққа ұзақ өмір тілейміз!» атты мектепшілік рейді Ақтөбе қалалық білім бөлімінің тапсырмасымен қыркүйек айында өткізілді. Мектеп атынан арнайы бұйрық шығарылып, жұмыс тобы құрылды. Рейд барысында мектеп оқулықтарының орташа деңгейлігі анықталды. Яғни кейбір оқушылардың оқулықтарының қапталмауы, сабақ кестесіне сай әкелмеуі анықталып класс жетекшілерге ескерту жұмыстары жасалды. Ақтөбе қалалық білім бөлімінің бұйрығы негізінде жасалған жұмыстың анықтамасы уақытылы тапсырылды.

#### Өткізілген шаралар



Әр апта сайын мектебімізге уақытылы мерзімді басылымдар келеді. Оларды өңдеу жұмыстары яғни реттілікпен орналастырылып, мамандарға келіп түскен журналдар оқу үшін таратылады. Сонымен қатар әр өткізілген үлкен шаралар мектеп атауымен ашылған кітапхана бөліміне және инстаграмм прақшасына уақытылы орналастырылады.

Инклюзивті білім алушылар бойынша 5 «Б» класында және 2 «Қ» класында ПМПК қорытындысы негізінде арнайы оқулықтармен оқу керек еді. Бірақ класс жетекшілері оқушының анықтамасы тапсырмады, себебі 2 «Қ» класының ата-анасы әзірге арнайы оқулықпен оқуға қарсылық танытып отыр. 5 «Б» класс жетекшісі Мирова Шакизада Буркутовна жұмысты толық аяқтамады. Оқырмандарға жүйелі түрде кітапханалық қызмет көрсету жұмыстары жасалды. Оның ішінде: үйге кітаптар алу, жобаға материалдар жинақтап беру, кітапханада өткізілген шараларға көрмелер ұйымдастыру. Оқырмандарға қызмет көрсетуде орын алған жағдайдың бірі – ата-ана тарапынан әлеуметтік желігі шағым түсті. Шағымды анықтау барысында осы оқу жылында келген оқушының мектеп кітапхана ережесін толық түсінбеуі анықталды. Нәтижесінде ата-ана мен оқушыға түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Кітап ең жақсы сыйлық болған және бола береді. Себебі ол өшпейтін - ізгілік пен руханилықтың айнасы. Осындай рухани дүниенің бір көрінісі бүгін мектебіміздің медиа кітапхана оқу залында көрініс тапты. «Оқуға құштар мектеп-оқуға құштар ұлт» жобасы аясында қоғам еріктісі Қазгелдіұлы Жасұлан мектебімізге келіп, ғылыми жетістіктері мен адамгершілік құндылықтары болашақ ұрпаққа үлгі боларлықтай із қалдырған тұңғыш Қазақ КСР Ғылым Академиясының академигі Қаныш Имантайұлы Сәтбаевқа арналған зерттеушілердің өнегелі еңбектерін тарту етті. М.Сәрсекеевтің «Құғындалған Сәтбаев», Е. Бөкетовтың «Жас Қаныш», Т.Оразовтың «Қаныштың жастық шағы», «Қаныш және ғылыми майдан», сондай-ақ, Ә.Жәмидің «Ғибратнама», Низамидің «Ләйлі-Мәжнүн», Хафиздің «Ғазалдар», «Жүсіп-Зылиқа», «Кенесары», «Ер Едіге» кітаптары болашақ жастарды білім мен ғылымға қанаттандырып, туған жеріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеп,еліміздің дамуына зор үлес қосуға ықпал етері сөзсіз.



15 қазан күні жасанды интеллект арқылы жаңа контент құрудың қыр-сырымен бөлісу мақсатында **«Жасанды интеллект-заман талабы»** атты 9 «Г» сыныпқа кітапханалық сабақ өтті. Кітапханалық сабақ барысында оқырмандарға жасанды интеллект туралы ақпараттар айтылып, алгоритмдердің түрлері таныстырылды. Сондай-ақ, ЖИ-ге қатысты ситуациялық сұрақтар таратылып, оқырмандардың пікірі тыңдалды. Жасалған жұмыс әлеуметтік парақшаға жарияланды.

Қоғамда музыкалық өнердің насихатталуы және ең бастысы-адамдар, халықтар арасындағы мәдени эстетикалық құндылықтарды түзу мақсатында 9 «К» сыныбына **«Сезім пернелерінің сыры»** атты бейне-кейс ұйымдастырылды. Оқушылар арнайы әзірленген бейнематериалды тамашалап, «Музыка» тақырыбында постер қорғап, арнайы бағдарламаның ұяшықтарында жасырылған жұмбақтардың шешімін тапты. Жасалған жұмыс әлеуметтік парақшаға жарияланды.

Кітапханамызда адалдықтың, адамдықтың қаруын әзілмен ту еткен Шона Смаханұлының өмірі мен шығармашылығын көпшілікке насихаттау мақсатында 8 «Ә» сыныбына **«Сатира-оның серігі»** атты сатирик жазушы Шона Смаханұлының 100 жылдығына арналған күлкі сағаты өтті. Жасалған жұмыс әлеуметтік парақшаға жарияланды.

С.Сейфуллиннің туғанына 130 жыл толуына орай **«Тарлан талант иесі»** атты танымдық сағат өткізілді. Шараға 8 «Ә» сынып оқушылары қатысты. Шараның мақсаты: Сәкентанушы ғалымдардың еңбектерімен танысу. Шарада Сәкен Сейфуллиннің шығармалары талданып, зерттеуші ғалымдардың пікірмен танысып, талқылау жұмысы жүргізілді. Танымдық сағат өз мақсатына жетті. Өтілген шара әлеуметтік парақшаға жарияланды.

Кітапханамызда «Оқитын өлке» акциясы аясында жерлес ақын Сағи Жиенбаевтың шығармаларын насихаттау мақсатында 19 қазан күні 11 «Б», 10 «Г» сыныбына **«Даламның иісі бұрқырап»** атты танымдық сағаты өтті. Шара барысында оқырмандарға жерлес ақынның шығармалары жөнінде мол мағлұматтар беріліп, өлеңдерін оқырмандар мәнерлеп оқыды. Сондай-ақ «Бинго» ойыны арқылы сұрақтарға жауаптар алынды. Жасалған жұмыс әлеуметтік парақшаға жарияланды.


24 қазан - кітапханашылар мерекесіне орай, кәсіптік бағдар мен білім беру аясында оқушыларға «кітапханашы» мамандықтың қыр-сырымен бөлісу мақсатында 9 «Д» сынып оқушыларына **«Кітапхана - білімпаздар мекені»** эрудициялық сабақ өтті. Сабақ барысында оқушыларға кітапхана меңгерушісі Г.Утениязова мамандықтың қыр-сырын түсіндіріп, мол мағлұмат берді. Сондай-ақ, кітапханашы Г.Мұратқызы кезекті басылымдарға шолу жасап, монтаж, презентация жасауға арналған бағдарламалармен бөлісті. Жасалған жұмыс әлеуметтік парақшаға жарияланды.

Жоспардан тыс, Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы №745 хат негізінде «Оқуға құштар мектеп» жобасын жүзеге асыру барысында қазан-желтоқсан айларына іс-шаралар жоспарын жолдады. Жасалған іс-шараның есебі әр айдың 29-на жіберу сұралды. Осы аталған жұмыс негізінде қазан айындағы жұмыстар өткізіліп, есебі жіберілді.

25 қазан - Республика күні. Республика күні - бұл еліміздің мемлекеттілігі жолындағы алғашқы тарихи қадам. «Оқуға құштар мектеп-оқуға құштар ұлт» жобасы аясында 25 қазан - Республика күніне орай кітапханамызда **«Отаным - бақыт ордасы»** атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Жасалған жұмыс әлеуметтік парақшаға жарияланды.

24 қазан - кітапханашылар күні қарсаңында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында кітапханамызда **«Жаңа әлем – жаңа кітап»** атты оқырмандар конференциясы өтті. Конференция барысында мектеп мұғалімдері өздерінің оқыған шығармалары төңірегінде қойылған сұрақтарға жауап беріп, көпшілікке сол кітаптарды оқуға кеңес берді. Жасалған жұмыс әлеуметтік парақшаға жарияланды.

**Өткізілген шаралар**



8-қараша күні мектеп кітапханасында ұлы ақын, ағартушы, философ, композитор, аудармашы, саяси қайраткер, реформатор Абай Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылығына арналған **«Абай шығармалары мәңгілік рухани азық»** атты book time өткізілді. Шара барысында Абай Құнанбаев өмірі туралы баяндалып, шығармашылығы талданды. «TARSIA» әдісі арқылы оқушылар сұрақтар мен жауаптарды сәйкестендірді де, ақын туралы сұрақтарға жауап берді. Шара соңында оқушылар ақынның поэзиясына шолу жасап қорытындылады.

Мектеп кітапханасында айлық жоспар негізінде біршама іс-шаралар өткізілді. 14-қараша күні Бейімбет Майлиннің 130 жылдығына орай **«Бейімбеттің биігі»** атты флешбук өткізілді. Флешбук деп отырғанымыз бұл – қызық кітаптарды жан-жақты презентациялау. Яғни аталған шарада Бейімбет Майлиннің шығармалары жан –жақты талқыланды. Флешбукқа 6 «Б», «В», «F», 8 «Б», «Г», «Е» кластары қатысты. Өздерінің оқыған шығармалары бойынша презентация дайындап, «Wordwall» қосымшасы арқылы сұрақтарға жауап берілді. Шара соңы «3Қ» әдісі арқылы қорытындыланды.

15-қараша «Ұлттық валюта» күніне орай, **«Теңге – мемлекет келбеті»** атты ақпараттық сағат өткізілді. Шараға 5 «Д» класс оқушылары қатысты. Ақпараттық сағатта оқушыларға валюта тарихы түсіндіріліп, қолданысқа енгізуге ат салысқан тұлғалар туралы ақпарат берілді. Шара соңында оқушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында «Миллион кімге бұйырады?» айыны ойнатылды. Ойында оқушылар валютаға қатысты біраз сұрақтарға жауап беріп, әр дұрыс жауапқа 2 000 теңгелік ақша (жалған ақша) ұтып нәтижесінде жеңімпаз команда анықталды.


Мектеп кітапханасында **«Толеранттылық әлемге қымбат»** атты рухани сағат өткізілді. Рухани сағатқа мектебіміздің 7 «Л» класс оқушылары қатысты. «Толеранттылық» деп отырғанымыз бұл – өзіндік айырмашылықты мойындау, басқа түрлерге төзімділікпен қарау ережесі. Шара барысында оқушыларға «Толеранттылық» ұғымының мән-мағынасы түсіндіріліп, жан-жақты талқылау жасалды. Оқушылар «толеранттылық» ұғымына жатататын сөздерді анықтап, олардың мағынасын аша білді. Шара соңында оқушыларға «толеранттылық» ұғымына сурет салу беріліп, оқушылар өте жақсы деңгейде суреттерін аяқтап шықты және салған суреттерінің астарында қандай ой жатқандығын ауызша дәлелдеп баяндады.

Кітапханамызда **«Кітап жазу тренд немесе бизнес?»** атты кітапханалық сабақ өткізілді. Кітапханалық сабақ барысында оқушыларға кітап жазудың шеберлігі туралы ақпарат беріліп, қазіргі таңда кітап жазатын жас жазушылар туралы сөз қозғалды. Сабаққа мектебіміздің дебат үйірмесінің оқушылары қатысты. Оқушылар аталған тақырыпта өз ойларын жетік әрі дәлелді түрде жеткізе білді. Кітап – ең жақсы сыйлық болған және бола береді. Себебі ол өшпейтін ізгілік пен руханилықтың айнасы. Мектеп кітапханасында республикалық деңгейде өтіп жатырған «Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт жобасы» аясында **«Кітап – ғұмырлық байлық»** атты кітапханаға кітап сыйлау акциясы ұйымдастырылды. Шара барысында «Жас ұлан» ұйымының оқушылары кітап туралы ақпараттарымен бөлісіп, өнерлі оқушыларымыз күймен, бимен көрермендерге көтеріңкі көңіл – күй сыйлады. Шарамызға қаламыздағы «Student» дүкенінің өкілі Нұрсұлтан мырза мен 2 «М» класның ата-анасы қатысып, өздерінің жылы лебіздерін білдіріп, кітапханамызға жаңа кітаптарды сыйға тартты.

Қараша айында жоспарланған жұмыстың бірі – уақытша сақталатын жұмыс дәптерлерін есептен шығару жұмысы жоспарланған болатын, бірақ нақты қай бұйрық негізінде жұмыстану керектігін дұрыс білмегендіктен бұл жұмыс желтоқсан айына шегерілді.

Республикалық деңгейдегі **«Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт»** жобасы аясында **«Әжемнің ертегілері»** атты челлендж өткізілді. Бұл іс-шарада әр оқушы өзінің әжесінің ертегісін тыңдап, баяндап берді. Шараға мектебіміздің 2-сынып оқушылары қатысты. Жариялаған кластар мектеп кітапханасы инстаграмына орналастырылды. Сонымен қатар осы айда жоспарланған «Үздік оқуға құштар мектеп бұрышы» атты облыстық байқау ұйымдастырылмады, яғни уақыты кейінге шегерілді.

#### Өткізілген шаралар



Мектеп кітапханасында желтоқсан айының айлық жоспарына сәйкес, біршама іс-шаралар өткізілді. Ағымдағы айдың 18-і күні мектеп кітапханасында 4 «Ж» класс оқушыларына арналған **«Кітаппен бірге әлемді танимыз»** атты кітапханалық сабақ өткізілді. Кітапханалық сабақта оқушыларға кітаптың қалай жасалатындығы жөнінде ақпарат беріліп, «Wordwall» қосымшасы арқылы әр түрлі бағыттағы сұрақтарға жауап берілді.

Биыл қазақ поэзиясының жарық жұлдызы, халық жазушысы Фариза Оңғарсынованың туғанына 85 жыл. Осыған орай мектеп кітапханасында **"Поэзия әлемінің нәзігі"** атты портрет кеші өтті. Кеш барысында ақынның жүрек тебірентер жырлары оқылып, өмірі мен шығармашылығына арналған естеліктер айтылды. Оның нәзік те қуатты поэзиясы көрермендердің жүрегінен ерекше орын тапты. 8 "Ә", "Б" класс оқушылары ақынның шығармашылығынан рухани қуат алып, шабытқа бөленді. Оның поэзиясы – сүйіспеншілік пен ұлтқа деген махаббаттың мәңгілік жыры.

16-желтоқсан «Тәуелсіздік» күніне орай **«Тұғыры биік Тәуелсіздік»** атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, мектеп оқушыларына таныстырылды. Көрмеге мектебіміздің 6 сынып оқушылары қатысты. Олар өздерін толғандырып жүрген тәуелсіздікке қатысты сұрақтарына жауап алды.

5 желтоқсан мектеп кітапханасының ұйымдастыруымен, Республикалық **"Оқуға құштар мектеп - оқуға құштар ұлт"** жобасы аясында, жергілікті танымал тұлғалармен кездесу негізінде **"Сыр - сұхбат"** өткізілді. Сыр - сұхбаттың қонағы қаламызға белгілі "Айсын" радиожурналистика мектебінің негізін қалаушы - Байтақова Айсын Мүрсінқызы болды. Сұхбат барысында, Айсын Мүрсінқызы өзінің өмірі мен шығармашылығына қатысты бірқатар сұрақтарға жауап беріп, "Айсын" радиожурналистика мектебі туралы әңгімеледі және іс-тәжірибесінен оқушыларға шағын шеберлік сағат көрсетті. Аталған мектепте білім алып жүрген, біздің оқушыларымыз өздерінің жыр-шумақтарын тарту етті. Шара соңы, Айсын Мүрсінқызының мектебімізге жылы лебізін білдіруімен қорытындыланды.

Республикалық деңгейде өтіп жатқан **«Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт»** жобасы аясында «Мен оқыған бір кітап» атты оқыған кітапбын жарнамалау іс-шарасына біздің мектеп оқушылары өте жақсы деңгейде ат салысты. Атап айтар болсақ, 4 «О» класс оқушысы Есенова Даяна, 9 «В» класс оқушысы Жолдыбаев Мадияр, 5 «Ж» класс оқушысы Тулеген Айжұлдыз, 6 «А» класс оқушысы Дестанова Үміт, 3 «В» класс оқушысы Ержанова Амина, 8 «К» оқушысы Нұрғазы Ерасыл. Яғни осы оқушылар осы аталған іс-шарада мектеп кітапханасынан алған сүйікті кітаптарын жан-жақты талдап жарнама жасады.

Аталаған жоба аясында мектеп мұғалімдерінен құралған оқырмандар арасында **«Мен оқыған кітапты сен де оқы!»** атты әдеби эстафета ұйымдастырылды. Аталған эстафетаға мектебіміздің қазақ

тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері Қуаныш Гүлдана «С.Керімбай мен Ә.Нәбидің «Қуыскеуде» мен Есенғұл Мөлдір «Оралхан Бөкейдің «Атау кере» және дене шынықтыру пәні мұғалім Алишева Әлмира «Сен жалғыз емессің» атты оқыған кітаптарын өзге оқырмандарға жарнамалау мақсатында белсенділік көрсетті.

**"Зорлық - зомбылықсыз 16 күн"** халықаралық акциясына орай ұйымдастырылып жатқан **"Атадан ұлағат, анадан гибрат"** атты отбасы құндылықтарын дәріптейтін шығармаларды талдауға арналған ойталқы. Талқыланған шығарма - Сара Мыңжасарованың "Әйел бақыты" романы. Қазақ қыздары арасынан ең бірінші болып роман жазған - Сара Рахманқызы Мыңжасарованың туғанына биыл 100 жыл. "Әйел бақыты" романы 1981 жылы жарық көрді. Романның негізгі желісі - 1917 жылға дейін теңдік ала алмаған қазақ қыздарының, әйелдерінің қасіретті тағдыры, олардың батылдығы мен әділдікке деген сенімдерін ашып көрсетеді. Ойталқыға 10 "Г" класының қыз балалары қатысып, өз ойларын еркін жеткізе отырып, шығарманы кеңінен талқылады.


**"Атадан ұлағат, анадан гибрат"** атты отбасы құндылықтарын дәріптейтін ойталқы өткізілді. Талқыланған шығарма - Бауыржан Момышұлының "Ұшқан ұя" повесі. Ойталқыға мектебіміздің 8 "А", "Б", "Г" класс оқушылары қатысты. Оқушылар өздерінің дайындаған жұмыстары мен тапсырмаларын ортаға салып шығарманы жан- жақты талқылады. Шара соңында "Еркін микрофон" әдісі арқылы кері байланыс алынды.


**"Атадан ұлағат, анадан гибрат"** атты отбасы құндылықтарын дәріптейтін шығармаларды талдау барысында Ғабит Мүсіреповтың "Ұлпан" романына ойталқы өткізілді. Ұлпан - Ғ. Мүсіреповтың 1974 жылы тарихи ел шежіресінің мазмұны негізінде жазған романдарының бірі. Романның ерекшеліктерінің бірі - қазақ ауылының жүз жылдық тұрмысы, әдет-ғұрпы, барымта, қалыңмал беріп, қыз айттыру, бай мен кедей арасындағы, ел арасындағы жер дауы, жесір дауы, кең көлемде сөз болуы. Аталған ойталқыға 9 "А", "Ә" класс оқушылары белсене қатысып, пікір алмасып, шығарманы кеңінен талқылады.

**"Атадан ұлағат, анадан гибрат"** атты отбасы құндылықтарын дәріптейтін шығармаларды талдау барысында **«ТалқыLIKE»** жобасы негізінде Тахауи Ахатновтың **«Шырағың сөнбесін»** шығармасы талқыланды. Талқыға мектебіміздің 10 «В» оқушылары қатысты. Оқушылар өздері оқыған шығармасын жан-жақты талқылап шықты.

Ағымдағы айдың 25-і күні, мектеп кітапханасында **«Жаңа жыл – жаңа кітаппен»** атты танымдық сағат өткізілді. Шараға мектебіміздің 9 «В» класс оқушылары қатысты. Танымдық сағатта оқушыларға биылғы оқу жылында келген жаңа таныстырылды. Оқушылар өздерін қызықтырған жаңа кітаптар туралы мағлұмат алды. Оқушылар жаңа жыл мерекесіне орай, кітаппен байланыстырып тілек жазды. Шара «Жаңа жыл» әнін шырқау арқылы қорытындыланды.

#### Өткізілген іс-шаралар





Қаңтар айында жаңадан келген оқырмандарды оқулықпен қамту жұмыстары жүргізілді. Оқырмандарға тұрақты түрде мектеп кітапханасында қызмет көрсетілді. Цифрлық кітапхана «**Alaqan**» жүйесі бойынша көркем әдебиеттерді жүйеге енгізу жұмыстары жалғасып келеді. Қазағн айынан бастап тұрақты түрде мектеп кітапханасынан алған кітаптарды тапсыру жөнінде ескерту жасалды. (қазан,қараша,желтоқсан)

Мектеп кітапханамызда 10 "Ә" сынып оқушыларының қатысуымен **"Жасанды интеллект кітапхана саласында"** атты кітапханалық сабақ өтті. Мақсаты: кітапханалық жұмыстың жаңа инновациялық және дәстүрлі емес формаларымен таныстыру. Оқушылар жаңа технологиялардың кітапхана қызметіне ықпалын зерттеп, өз ойларымен бөлісті. Сабақ барысында жасанды интеллекттің ақпарат іздеудегі рөлі, кітапханалық процестерді автоматтандыру, оқырмандарға арналған цифрлық мүмкіндіктер талқыланды.

В школьной библиотеке для учащихся 7-х классов прошел урок на тему **«Как превратить чтение в удовольствие»**. Главная цель занятия – показать, что чтение может быть не только полезным, но и увлекательным занятием, способным увлечь каждого. Особый интерес вызвал интерактивный блок, где учащиеся знакомились с разными техниками увлекательного чтения: выбор книги по интересам, погружение в сюжет через создание иллюстраций, ведение читательского дневника и обсуждение прочитанного с друзьями. Мы надеемся, что такие мероприятия помогут школьникам увидеть в чтении не только учебную необходимость, но и источник удовольствия и вдохновения.

"Балалар кітапханасы" жобасы аясында мектеп кітапханасының медиа оқу залында **"Менің кітаптағы кейіпкерлерім"** атты іс-шара өтті. Аталған шараға 4 "З" класс оқушылары қатысып, **"Қызыл телпек"** ертегісін сахналады. Шара барысында оқушылар басты кейіпкер – қызыл Телпекті, оның әжесін, аңшыларды және жаман қасқырды ерекше образдармен ойнап шықты. Балалар ертегінің негізгі мазмұнын сақтап, бірақ оны заманауи тұрғыдан қызықты етіп жеткізуге тырысты және көрермендерге жақсы көңіл-күй сыйлады. Қызыл Телпек ертегісін сахналау – оқушылар үшін тек шығармашылық жұмыс қана емес, олар бір-бірімен ынтымақтаса отырып, жаңа дағдылар мен өнер түрлерін игерген маңызды тәжірибе болды.


**12 қаңтар** - Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаевтың туған күні! Биыл Қонаевтың туылғанына 113 жыл. Осы атаулы күнге байланысты мектеп кітапханасы жанынан **"Қонаев мұрасы"** тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылып, мектеп оқушылары нақыл сөздеріне таныстырылым жасалды. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевқа 113 жыл толуына орай, мектеп кітапханасы **"Қонаев - ұлттың ары мен намысы"** тақырыбында ұлы тұлғаның өмірі мен қызметіне арналған бейнероликті дайындады.

Биылғы жылы **"Оқитын өлке"** акциясында 2025 жыл - қазақ сатирасының майталманы Үмбетбай Уайдиннің шығармалары таңдалды. Осыған орай мектебіміздің кітапханасында **"Қазақ сатирасының саңлағы"** атты әдеби вернисаж өтті. Шараға мектебіміздің 8 "Ә", 8 "Б" сынып оқушылары қатысты. Шара барысында оқушылар жазушының өмірі мен шығармашылығымен танысып, әзілдері мен өлеңдерін оқыды. Үмбетбай Уайдинге арналған арнайы кітап көрмесі таныстырылды. Жазушының қызықты әңгімелері мен сатиралық шығармалары тыңдалып, қатысушыларға ерекше әсер қалдырды.

Жылдағы үрдіс бойынша 1-сынып оқушылары **«Әліппе»** оқулығын аяқтағаннан кейін мектеп кітапханасына саяхат жасайды. Биылда бұл үрдіс өз жалғасын тапты. Мектебіміздің 1-сынып оқушылары түгелдей дерлік мектеп кітапханасына саяхат жасап, ондағы әртүрлі көркем әдебиет,

ертегі кітаптармен танысты. Сонымен қатар кішкентай оқырмандарымызға мектеп кітапханасындағы ережелер түсіндірілді.

### Өткізілген шаралар



Ақпан айында жаңадан келген оқырмандарды оқулықпен қамту жұмыстары жүргізілді. Оқырмандарға тұрақты түрде күнделікті мектеп кітапханасында қызмет көрсетілді. Цифрлық кітапхана жұмысы бойынша «**Алақан**» жүйесіне қазіргі есеп бойынша 3124 атау кіргізілді. «Алақан» жүйесі бойынша әлі де кітаптарды оның ішінде салалық әдебиеттерді енгізу жұмысы жалғасуда. Оқырмандарға желтоқсан айынан бастап тұрақты түрде мектеп кітапханасынан алған кітаптарын тапсыру жөнінде ескерту жасалды.(желтоқсан, қаңтар)

Мектеп мұғалімдеріне 2025 жылғы жаңа мазмұнға көшетін басылымдарымен танысу жұмысы ұйымдастырылды. Оның ішінде 4 сынып – «**Еңбекке баулу**», «**Бейнелеу өнері**», қазақ сыныптарындағы «**Русский язык**», «**Цифрлық сауаттылық**», «**Жаратылыстану**», келесі орыс сыныптарындағы «**Изобразительный искусство**», «**Трудовой обучение**», «**Естествознание**», «**Цифровая грамотность**».

Мектеп кітапханасында айлық жоспарға сәйкес біршама іс-шаралар өткізілді. Айлық жоспарға сәйкес "**Күтпеген қонақ**" тақырыбында сұхбат айдары өткізілді. Сұхбат айдарының күтпеген қонағы - мектептегі тәжірибелі ұстаздарымыздың бірі, көркем еңбек пәні мұғалімі Искакова Күнімай апай.Сұхбат барысында апай өзінің өмірі мен шығармашылығына қатысты бірқатар сұрақтарға жауап берді және оқушыларға өз іс-тәжірибесінен шеберлік сағатын көрсетті.


9 ақпан - қазақтың лирик ақыны, поэзияның Хантәңірі Мұқағали Мақатаевтың туған күні. Ақынның туған күніне орай, мектеп кітапханасының медиа оқу залында 7 класс оқушыларымен "**Муза мен Мұқағали**" атты әдеби музыкалық кеш өтті.Кеш барысында ақынның өнегелі өмірі мен шығармашылығы, отты да рухты өлеңдері оқылып, ақынның сөзіне жазылған әндері де шырқалды.

Мектеп кітапханасының медиа оқу залында халықаралық жыршы, термеші және айтыс ақындары одағының төрағасы, ақын, журналист, айтыс өнерінің ұйымдастырушысы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Жүрсін Ерман Молдашұлының өмірі мен шығармашылығына арналған "**Жауһар жүректі Жүрсін**" домбырашылармен атты танымдық сағат өтті. Шараға мектебіміздің "Ақжелең" домбырашылар ансамблінің оқушылары қатысты. Шара барысында, оқушылар Жүрсін Ерманның өмірі мен шығармашылығынан естелік бейнеролик көріп және "**Word wall**" әдісі арқылы айтыс өнеріне қатысты сұрақтарға жауап берді. Шара соңында домбырашы оқушыларымыз Нұрғиса Тілендиевтің "**Ата толғауы**" күйін паш етті.

Шығармашылық академиясында "**Алматыкітап**" баспасының ұйымдастыруымен "**Алматыкітаппен білімге**" тақырыбында семинар өтті.Семинарға мектебіміздің бастауыш класс мұғалімдері мен мектеп кітапханашысы В.Ж. Ниязова қатысты. Семинар барысында "**Алматыкітап**" баспасынан жарық көретін жаңа 4-сынып оқушыларына арналған "Бейнелеу өнері"

оқулығының авторы М.Е. Дильдаева, оқулық мазмұнымен, құрылымымен таныстырып, өз тәжірибесімен бөлісті.

#### Өткізілген іс-шаралар



Наурыз айында жаңадан келген оқырмандарды оқулықпен қамту жұмыстары жүргізілді. Оқырмандарға тұрақты түрде мектеп кітапханасында қызмет көрсетілді. Цифрлық кітапхана «Алақан» жүйесі бойынша көркем әдебиеттерді жүйеге енгізу жұмыстары жалғасып келеді. Қаңтар айынан бастап тұрақты түрде мектеп кітапханасынан алған кітаптарды тапсыру жөнінде ескерту жасалды. (қаңтар, ақпан)

1 наурыз – **«Алғыс айту»** күні! Бұл күн - жүрекке жылу сыйлайтын, ризашылық пен мейірімге толы күн! Осы айтулы күнде, мектеп кітапханашылары 6 "К" класс оқушыларына **"Алғыс айту - адамзаттың асыл қасиеті"** тақырыбында іс-шара өткізді. Шара барысында оқушылар әке - аналарына, бауырларына жақындарына, бір-бірлеріне алғыстарын білдіріп, **"Word woll"** әдісі арқылы тапсырмалар орындады және **"Алғыс"** әнін караоке түрінде шырқады.

8-наурыз **«Халықаралық әйелдер»** мерекесіне орай, мектеп кітапханасында «Fashion иллюстрация book» тақырыбында **Podium Status** ұйымдастырылды. Бұл іс-шараға мектебіміздің қыз балалары белсене қатысты. **Мақсаты:** бұрынғы және қазіргі қазақ сән әлеміне талдау жасау.

Ұлыстың ұлы күні - Наурыз мейрамы қарсаңында, бүгін мектеп кітапханасының медиа оқу залында **"Біртұтас тәрбие"** бағдарламасы аясында ұйымдастырылған **"Ақын-жазушылармен бірге кітап оқу, қолтаңба алу"** мақсатында **"Шабытым-халқым"** тақырыбында жергілікті айтыскер-ақынмен кездесу кеші өтті. Кешіміздің қонағы жергілікті айтыскер-ақын - **Қожабекова Жұлдыз Қазиханқызы**. Кеш барысында, Жұлдыз Қазиханқызымен әсерлі сұхбат жүргізіліп, айтыс өнерінің құндылықтары мен шығармашылық жолындағы тәжірибесі туралы әңгіме өрбіді. Мектебіміздің **"Ақжелең"** үйірмесінің домбырашылары әсем күй тартып, мектеп оқушылары жырларын оқыды. Сонымен қатар 8 "Ә" класс оқушысы Сүйіндікұлы Бақтияр күмбірлі күймен "Ортекені" билетсе, 7 "Е" класының оқушысы Измет Кәусар **"Еңбек"** термесін орындады. Кеш соңында айтыскер-ақын өзінің **"Ақын мен ақыл"** кітабын сыйға тартып, қолтаңбасын қалдырды. Бұл шара оқушыларға айтыс өнерінің тереңдігі мен әдебиетке деген қызығушылықты арттыруға ықпал етіп, кітаптың құндылығын насихаттауға мүмкіндік берді.

Ағымдағы жылдың 3 наурыз күні ҚР Оқу-ағарту министрлігі Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасы қызметкерлері **ҚР ОАМ РҒП** кітапханасының бас әдіскері **Емишова Аманкуль Бастаубаевна**, ғылыми-әдістемелік бөлімшесі басшысы **Алпамышева Динара Джумакадыровна** Ақтөбе қаласы **"Д. Қонаев атындағы жалпы білім беретін мектеп-гимназиясына"** әдістемелік көмек көрсету жұмысын жүргізді. Зерделеу барысында кітапхана қызметінің ұйымдастырылуы, кітапхана ісі бойынша басшылыққа алынатын және нормативтік-регламенттейтін құжаттардың жүргізілуі және **«Оқуға құштар мектеп»** жобасының және **«Балалар кітапханасы»** бағдарламасының іске асырылу мәселелері талқыланды.

Көктемнің алғашқы мерекесі - 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні қарсаңында кітапханамыздың медиа оқу залында **"Әйел бейнесі - қоғам бейнесі"** тақырыбында **букеанариум** өтті. **Мақсаты:** Қазақ батыр қыздары мен ақын әйел жазушыларының өмірі мен шығармашылығын талдау, дәріптеу. Шараға **9 "Б"** класының қыз балалары қатысып, әдебиетіміздегі әйел тағдыры, әйел теңсіздігі туралы жазылған шығармаларға талдау жасап, өз ойларын ортаға салды. Шара соңында оқушыларға **"Ана - мәңгілік шуақ төккен ғасырларға"** атты кітап көрмесі таныстырылды және QR код арқылы берілген сұрақтарға жауап алынды.

**«Мен оқыған бір кітап»** атты библио-кросс акциясы өткізілді. Бұл шараға мектебіміздің барлық сынып оқушылары белсене қатысты. Акцияның басты мақсаты – оқушылар арасында кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру, оқу мәдениетін қалыптастыру және шығармашылық ойлау қабілетін дамыту болды. Іс-шара барысында әр оқушы өзі оқыған бір кітапты тандап, сол кітаптың мазмұны, кейіпкерлері және автор жайлы қысқаша таныстырып, кітаптан алған әсерімен бөлісті. Кейбір оқушылар бейнероликтер, постерлер, презентациялар және көркем суреттер арқылы өз шығармашылығын көрсетті. Акция мектеп кітапханасының ұйымдастыруымен өтті. Кітапханашы оқушыларға бағыт-бағдар беріп, кітап тандауына көмектесті. Мұғалімдер де оқушыларға қолдау көрсетіп, шараның жоғары деңгейде өтуіне ықпал етті. Іс-шара өте әсерлі өтті. Оқушылар өзара пікір алмасып, түрлі жанрдағы кітаптармен танысты. Бұл акция балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың сөйлеу мәдениетін, ой бөлісу дағдыларын дамытуға үлкен септігін тигізді.

2025-2029 оқу жылында мазмұны жаңарған оқулықтарға **«ETANDAU gov.kz»** сайты арқылы сұраныс жасалды. Бұл сұранысқа биылғы оқу жылында 3-сынып класс жетекшілері қатыстырылды. Мектеп кітапханасының меңгерушісі **Г.К. Конскалиевана** мұғалімдерге түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, оқулықтарға тапсырыс беру кезінде біршама кеңестер берді. Бұл жұмысқа барлық класс жетекші мен пән мұғалімдері қатыстырылды. Алдағы жаңа оқу жылынан бастап мектеп оқушылары жаңа кітаппен білім алатын болады.

#### Өткізілген іс-шаралар



Сәуір айында жаңадан келген оқырмандарды оқулықпен қамту жұмыстары жүргізілді. Оқырмандарға тұрақты түрде мектеп кітапханасында қызмет көрсетілді. Цифрлық кітапхана «Алақан» жүйесі бойынша көркем әдебиеттерді жүйеге енгізу жұмыстары жалғасып келеді. Қаңтар айынан бастап тұрақты түрде мектеп кітапханасынан алған кітаптарды тапсыру жөнінде ескерту жасалды. (қаңтар, ақпан, наурыз)

Қарғалы мөлтек ауданында жаңадан бой көтерген **№82 жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы** сәуір айында алғашқы оқушыларын қабылдаған болатын. Осы аталған мектепке біздің мектебімізден біршама оқушы ауысты. Ол оқушыларға қалалық білім бөлімі шешімімен біздің мектептен барлық оқулығымен арнайы акт жасалып, жаңа білім ордасына ауыстырылды.

Сәуір айында тағы бір қолға алынған жұмыстың бірі – мазмұны ескірген мектеп оқулықтары мен тозығы жеткен балалар әдебиетін есептен шығару жұмыстары. Аталған жұмыс бойынша ережеге сәйкес арнайы құжаттар дайындалып, оқулықтарды түгендеу жұмысы жүргізілді. Алдағы уақытта облыстық білім басқармасының шешімін күтетін боламыз.

**2-сәуір** – жалпы кітапхана мекені үшін айтулы күн деп айтуымызға болады. **2 сәуір - "Халықаралық балалар кітаптары"** күніне орай 2-сыныптар арасында іс-шара ұйымдастырылды. Шарада кітап оқудың адамға тигізер пайдасы туралы айтылып, оқушылар кітап туралы қызықты сұрақтарға жауап берді. Шара соңында мектеп кітапханасында арнайы балалар әдебиетінен жасақталған **"Балалар - кітап әлемінде"** тақырыбындағы кітап көрмесі таныстырылды.

Ұлы жеңістің 80 жылдығы мен Әлия Молдағұлованың туғанына **100 жыл** толуына орай №13 қалалық кітапханасы ұйымдастыруымен **«Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды»** атты ашық ой алаңы (**ашық микрофон**) өтті. Аталған іс-шараға мектеп кітапханашысы Ниязова Венера Жалғасбаевнамен бірге мектебіміздің 8 сынып оқушылары қатысты. Қонаққа Әлия Молдағұлова атындағы облыстық меморалды музейінің ғылыми қызметкерлері **Жолдиева Назерке** мен **Тажбенова Саулеш және өлкетанушы Куттымуратов Калдыбай Бактыбаевич** шақырылды. Бұл іс-шараға қатыса отыра, оқушылар мол ақпарат алып, тың деректермен танысты.

Сәуір айында мектебімізде тәрбие бөлімі ұйымдастыруымен **«Құқықтық мәдениет»** айлығы өткен болатын. Осы аталған айлық шеңберінде мектеп кітапханасында **«Адам.Қоғам.Құқық»** тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды. Мектеп оқушылары **"Құқықтық мәдениет"** айлығының жоспарына сәйкес, мектеп кітапханасы жанынан жасақталған **"Адам.Қоғам.Құқық"** тақырыбындағы кітап көрмесімен танысып, құқықбұзушылық бойынша біршама ақпарат алды.

Н. Байғанин атындағы облыстық балалар кітапханасының ұйымдастыруымен ақын, аудармашы, Қазақстан жазушылар одағының мүшесі - **Гүлімай Әбішқызының "Ер Едіге"** ертегі кітабының таныстырылымы өтті. Шара барысында кітап авторы Гүлімай Әбішқызы оқырмандарға өзінің шығармашылық жолы мен кітаптың жазылу тарихы туралы баяндады. **"Ер Едіге"** кітабы жас оқырмандарды жақсылық пен мейірімділікке, адалдық пен еңбекқорлыққа тәрбиелейді. Кеш соңында автор қонақтарға естелік ретінде қолтаңбасын беріп, кітаптарын сыйға тартты. Аталған іс-шараға мектеп кітапханашысы **Ниязова Венера Жалғасбаевна** қатысты.



18 сәуір күні мектеп кітапханасының медиа оқу залында **Қазақ КСР-нің халық суретшісі, актер Әбубәкір Ысмайыловтың туғанына 112 жыл** толуына орай танымдық сағат өтті. Шараға 5 **"Ә", "Г", "Ж" және 6 "А"** сыныптарының суретке жақын оқушылары қатысты. Оқушылар суретшінің өмір жолы мен шығармашылығына арналған бейнеролик тамашалап, қызықты мағлұматтармен танысты. Шара соңында түрлі тақырыпта өз қиялдарынан ерекше суреттер салып, өнерге деген сүйіспеншіліктерін көрсетті.

**«Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт»** жобасы аясында **"Әжемнің ертегілері"** атты байқау ұйымдастырылды. Аталған байқауға мектебіміздің 2-3 сынып оқушылары қатысты. Байқау ережесі бойынша әжелерінің ертегілерін тыңдап, мектеп кітапханасы инстграмына орналастыру болатын. Аталған ережені толық орындаған үздік сыныптар мектеп кітапханасы атынан жүлделі орындарға ие болды. Олар: **2 «Ә», 3 «Ә»** кластары марапатталған болатын.


23 сәуір — «ҰЛТТЫҚ КІТАП КҮНІ». Бұл күн — бізге кітаптың қадірін, білім мен руханияттың маңызын тағы бір мәрте еске салатын ерекше дата. Кітап — ұрпақтар арасындағы алтын көпір. Ол — тек қағаз бетіндегі әріптер емес, ол — ақыл, тәрбие, тарих пен мәдениет. Әр оқыған кітап жаңа бір әлемнің есігін ашады. Сол әлемге терең бойлаған сайын, адамның көкірегі оянып, ой-өрісі кеңейеді. Аталған күнге орай мектеп кітапханасында **«Абайды оқы, таңырқа!»** тақырыбында іс-шара ұйымдастырылды. Аталған іс-шарада мектеп оқушылары әр-түрлі кітаптан үзінді оқыса, кейбір оқушылар ұлы ақындарымыздың өлеңдерін оқыды. Шара соңында күмбірлі күймен 8 «Ә» сынып оқушылары іс-шараны қорытындылады. Сонымен қатар мектебімізде арнайы тәрбие сағаттары өткізілді және мектеп кітапханасы инстграмына жарияланды.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында ҰОС "Халық ұстазы" Құмаш Нұрғалиевтің 100 жылдығына орай, мектеп кітапханасында **"Халық ұстазы Құмаш"** тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды. **Құмаш Нұрғалиев** - бүкіл өмірін оқытуға арнап, көптеген шәкірт тәрбиелеген Халық мұғалімі. Оның есімі болашақ ұрпақтың мәңгі есінде қалады. Аталған кітап көрмесімен мектеп оқушыларымен қатар мектеп мұғалімдері келіп, танысты. Кітап көрмесімен таныса отыра, халық ұстазы туралы біраз құнды ақпарат жинады.

**"Н.Байғанин атындағы облыстық балалар кітапханасы"** мен **"Балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталығының"** ұйымдастыруымен халық ақыны Н.Байғаниннің туғанына 165 жыл толуына орай, **"Сөз асылын жыр білер, қымбат жырды тіл білер"** дәстүрлі **"Байғанин оқуларының"** қалалық кезеңі өтті. Аталған байқауға мектебіміздің 8 "К" класс оқушысы **Мухтар Анель** қатысып, жүлделі **II орынға** ие болды. Оқушымызды жүлделі орынымен шын жүректен құттықтаймыз!



### Өткізілген іс-шаралар



2024-2025 оқу жылының аяқталуына орай, 1-11 сынып оқушыларына оқулықтарды ретке келтіру жұмыстары бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, биылғы оқу жылында алғаш рет класс жетекшілік қызмет атқарған мұғалімдерге мектеп кітапханашылары оқулықты жинау және оны мектеп кітапханасына өткізу жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Мектеп кітапханашылары мектеп оқулықтарын жинау бойынша жұмысты мамыр айының 20-нан бастап жүргізді және осы жиналған оқулықтарға санақ жүргізу жұмысы бойынша **(инвентаризация)** мектеп мұғалімдерінен арнайы комиссия жасақтап, санақ жұмыстарын алдағы уақытта жүргізеді. Оқушылар сонымен қатар мектеп оқулықтарымен бірге көркем әдебиеттерді қолданған болатын, осы көркем әдебиеттерді мектеп кітапханасына өткізу жөнінде оқушыларға түсіндіріліп, қазіргі таңда осы жұмыс әлі де жалғасып келеді.



Мектебімізде 2025-2026 оқу жылына арнайылап, индикативті жоспар құрылған болатын. Осы жоспармен алдағы оқу жылындағы оқушы санына болжам жасалып, мазмұны жаңаратын оқулықтарға мектеп кітапханасы атынан облыстық білім басқармасына сұраныс жасалды. Алдағы оқу жылында мектеп оқушылары түгелдей мазмұны жаңарған оқулықтармен қамтылатын болады.

**1 мамыр – “Қазақстан халқының бірлігі”** күніне орай мектеп кітапханасында кітап көрмесі ұйымдастырылды. Бұл көрмемен мектеп оқушылары арнайы танысып, елімізде тұратын түрлі этнос өкілдерінің тарихы, мәдениеті, салт-дәстүрі туралы мол мағлұмат алды. Кітаптар арқылы олар Қазақстанның көпұлтты қоғамының ерекшелігімен, татулық пен ынтымақтың ел бірлігін нығайтудағы рөлімен танысты. Шара оқушылардың рухани дүниесін байытып, достық пен өзара құрметке негізделген құндылықтарды дәріптеуге бағытталды.

Мектебімізде 9 мамыр – Жеңіс күніне орай тарихи-патриоттық бағытта ұйымдастырылған **“Ерлікке тағзым – ұрпақ парызы”** атты тағылымды кеш өтті. Іс-шараның басты мақсаты – Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен батырлардың рухына тағзым ету, жас ұрпаққа бейбіт күннің қадірін ұғындыру болды. Кеш соғыста қаза тапқан батырларымызды 1 минут үнсіздікпен еске алумен басталды. Осыдан кейін қатысушылар назарына ерлікпен көзге түскен азаматтар туралы бейнеролик ұсынылып, олардың жанқиярлық ерлігі туралы мәліметтермен танысты. Шара аясында **“Ерлікке тағзым”** атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, оқушылар мен мұғалімдерге соғыс жылдары мен батырлар туралы кітаптар таныстырылды. Бұл көрме – жас ұрпақтың тарихи санасын қалыптастыруға бағытталған маңызды танымдық бастама болды. Сондай-ақ кеште 6 “Ө” сынып оқушылары Отан, ерлік пен батырлық тақырыбындағы жүрек тебірентер өлеңдерін мәнерлеп оқып, көрерменге ерекше әсер сыйлады. Іс-шараға мектебіміздің тарих пәні мұғалімі – **Уксукбаева Гульгуль Бейбутовна** қатысып, оқушылармен бірге тарихи естеліктерді зерделеу арқылы патриоттық рухты күшейтуге өз үлесін қосты. Кеш соңында көпшіліктің жүрегінен орын алған **Ескендір Хасанғалиевтің “Атамекен”** әні шырқалып, шараны рухты, әсерлі нотада түйіндеді.

**«Тұма жырдың Тұманбай»** атанған қазақтың аса көрнекті ақыны, Қазақстанның Халық жазушысы **Тұманбай Молдағалиевтің туғанына 90 жыл** толуына орай **“Қазақ газеттері”** жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қарасты **“Балдырған”** журналының **“Біз бақытты баламыз”** балаларға арналған республикалық әдеби шығармалар бәйгесіне қатысқан **6”Б” класс оқушысы Күбейова Інжу жүлделі ІІІ орынды және 110 мың теңгелей сыйақыны қанжығасына** байлады. Оқушылар арасынан оқ бойы озық шығып, ересектермен тең түсіп, қазақ балалар әдебиетінің дамуына өзіндік үлес қосқан оқушымыздың жетістігі - қуанарлық жайт. **Жетекшісі: қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Кулынтаева Калка Мухамбетжановна.**



Мектеп кітапханасында кітапты серік етіп, жыл бойы тұрақты оқыған белсенді оқушыларымыз салтанатты түрде марапатталды. Бұл – тек құр марапат емес, білімге деген ынта мен кітапқа деген сүйіспеншіліктің шынайы бағалануы. Кітап – ойдың қайнары, тұлғаның рухани тірегі. Ал оны оқып, ой елегінен өткізген шәкірт – болашақтың жарық жұлдызы. Мектебімізде оқырман

мәдениетін дамыту, рухани тәрбие мен білімге құштарлықты арттыру бағытында осындай шаралар өз жалғасын таба береді. Бүгінгі марапат – ізденістің, табандылықтың және рухани дамудың көрінісі. Жыл бойы кітаппен дос болып, кітапханамен байланысын үзбеген белсенді оқушыларымыз марапатталды!

**“Үздік оқырман – 2025”** номинациясын иеленген үздік оқырмандар тізімі:

1. **3 «Ә»** Аманжолова А.
2. **3 «Ә»** Баймурзина І.
3. **3 «Е»** Жилкибай А.
4. **3 «П»** Куданова А.
5. **4 «Е»** Серікқалиева Ұ.
6. **5 «Ж»** Ишнияз А.
7. **5 «О»** Дарменов Е.
8. **6 «А»** Реймхан Ф.
9. **7 «А»** Рүстем Ә.
10. **8 «Ә»** Хайрулла Н.
11. **8 «Ж»** Дербісали С.
12. **9 «А»** Жабагина А.
13. **10 “Б”** Райханова А
14. **11 «Б»** Құдайбергенова М.

Сонымен қатар, мектеп кітапханасына сыныбымен бірге келіп **«ҮЗДІК СЫНЫП – 2025»** номинациясын иеленген сыныптар бар. Олардың қатарында:

1. **2 «А»** класы, **жетекшісі:** Қожан Сәуле
2. **2 «Ә»** класы, **жетекшісі:** Дүйсенова Самиға
3. **2 «Б»** класы, **жетекшісі:** Алдиярова Жаңагүл
4. **2 «В»** класы, **жетекшісі:** Казахова Гаухар
5. **2 «Г»** класы, **жетекшісі:** Алдаразаева Рахат
6. **2 «Ж»** класы, **жетекшісі:** Рышова Жанаргүл
7. **3 «А»** класы, **жетекшісі:** Сагиндыкова Әсемгүл
8. **4 “М”** класы, **жетекшісі:**
9. **4 «О»** класы, **жетекшісі:** Рысмаганбетова Гульмира

Барлық оқырмандарға алғысымызды білдіреміз! Кітап — тек білім емес, жан азығы. Осы жолда талмай ізденіп жүрген оқушылар саны арта берсін!

Мектеп кітапханасында кітапты серік етіп, жыл бойы тұрақты оқыған белсенді оқушыларымыз салтанатты түрде марапатталды. Бұл – тек құр марапат емес, білімге деген ынта мен кітапқа деген сүйіспеншіліктің шынайы бағалануы. Кітап – ойдың қайнары, тұлғаның рухани тірегі. Ал оны оқып, ой елегінен өткізген шәкірт – болашақтың жарық жұлдызы. Мектебімізде оқырман мәдениетін дамыту, рухани тәрбие мен білімге құштарлықты арттыру бағытында осындай шаралар

өз жалғасын таба береді. Бүгінгі марапат – ізденістің, табандылықтың және рухани дамудың көрінісі. Жыл бойы кітаппен дос болып, кітапханамен байланысын үзбеген белсенді оқушыларымыз марапатталды!

**“Үздік оқырман – 2025”** номинациясын иеленген үздік оқырмандар тізімі:

1. **3 «Ә»** Аманжолова А.
2. **3 «Ә»** Баймурзина І.
3. **3 «Е»** Жилкибай А.
4. **3 «П»** Куданова А.
5. **4 «Е»** Серікқалиева Ұ.
6. **5 «Ж»** Ишнияз А.
7. **5 «О»** Дарменов Е.
8. **6 «А»** Реймхан Ф.
9. **7 «А»** Рүстем Ә.
10. **8 «Ә»** Хайрулла Н.
11. **8 «Ж»** Дербісали С.
12. **9 «А»** Жабагина А.
13. **10 “Б”** Райханова А
14. **11 «Б»** Құдайбергенова М.

Сонымен қатар, мектеп кітапханасына сыныбымен бірге келіп **«ҮЗДІК СЫНЫП – 2025»** номинациясын иеленген сыныптар бар. Олардың қатарында:

1. **2 «А»** класы, **жетекшісі:** Қожан Сәуле
2. **2 «Ә»** класы, **жетекшісі:** Дүйсенова Самиға
3. **2 «Б»** класы, **жетекшісі:** Алдиярова Жаңагүл
4. **2 «В»** класы, **жетекшісі:** Казахова Гаухар
5. **2 «Г»** класы, **жетекшісі:** Алдаразаева Рахат
6. **2 «Ж»** класы, **жетекшісі:** Рышова Жанаргүл
7. **3 «А»** класы, **жетекшісі:** Сагиндыкова Әсемгүл
8. **4 “М”** класы, **жетекшісі:**
9. **4 «О»** класы, **жетекшісі:** Рысмағанбетова Гульмира

Барлық оқырмандарға алғысымызды білдіреміз! Кітап — тек білім емес, жан азығы. Осы жолда талмай ізденіп жүрген оқушылар саны арта берсін!





## Өткізілген іс-шарлар



Баршаңызға белгілі өтілген іс-шарлар мен жасалған жұмыстар мектеп кітапханасы инстаграмына және мақала түрінде мектеп сайтына орналастырылады. Бұндағы мақсат – өзге мектеп кітапханаларымен өзара іс-тәжірибе алмасу.


Мерзімді басылымдар жұмыс бойынша тұрақты түрде мектеп кітапханашылары жұмыс жасап келеді. Атап айтар болсақ, әр апта сайын мектебімізге газет-журналдар келіп түседі. Осы журналдарға мектеп кітапханасы мөрі басылып, мақаласы жарияланған мұғалімдерге хабарлама жасалып, орналастырылады. Қаңтар айынан бастап, мерзімді басылымдар ішінде **«Ақтөбе»**, **«Актюбинский вестник»**, **«Ақбөбек»** газеттеріне осы айдан бастап мектеп мұғалімдер мен оқушылар жеке қаражат есебінен жазылған болатын. Алдағы уақытта осы аталған мұғалімдер мен оқушыларға мектеп кітапханасы арқылы жеткізілетін болады. Сонымен қатар, мектеп инстаграмымен бірге мектеп сайтының бар екенін де ерекше атап кетуге болады. Әр өткізілген көлемді іс-шара мектеп сайтының **«Кітапхана бөліміне»** жарияланады. Мектеп сайтына жарияланған мақалаларды атап кетер болсақ, **Қуаныш Гүлдана Мұратқызының** «Кітапханамыз жаңа оқулықтармен толықты», **«Балалар әдебиетінің бәйтерегі»**, **«Сезім пернелерінің сыры»**, **«Жасанды интеллект заман талабы»**, **Береженов Аңсат Қайратұлының** «Даламның исі бұрқырап», **«Кітап – ғұмырлық байлық»**, **«Абай шығармалары мәңгілік рухани азық»**, **«Айсын»** радиожурналистика мектебінің негізін қалаушы Айсын Мүрсінқызымен сыр – сұхбат», **Ниязова Винера Жалғасбаевнаның** «Толлеранттылық әлемге қымбат», **«Поэзия әлемінің нәзігі»** атты мақалалары жарық көрді.

Республикалық **«Ұстаз»** газетінің (#3 27.03.2025.) кезекті басылымында 1 "А", 1 "Ә" және 2 "Д" класс оқушыларының мақаласы жарық көрді. Республикалық **«Ақбөбек»** балалар газеті ұйымдастыруымен өткен **«Ертегілер елінде»** атты байқауда мектебіміздің 4 "Д" класс оқушысы Серік Айару өзінің жеке шығармашылығын жолдап, жүлделі I орын иеленді. Республикалық **«Ақбөбек»** газетінің кезекті санында 4 "Д" сынып оқушысы Бөлекбаева Аягөздің **«Алақай, қыс келді»** өлеңі жарық көрді. Құттықтаймыз! Қаламың ұштала берсін. Сонымен қатар мектебіміздің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Ажибаева Гульзия Усенхановна **«Батырлық – мәңгілік елдің мұрасы»** тақырыбында және ағылшын тілі пәні мұғалімі Сыдықова Жанар Айдаровнаның **«Шеберлік – тәжірибе мен тынымсыз еңбек жемісі»** тақырыбында мақалалары жарық көрді.





Республикалық-әдістемелік педагогикалық “Тәрбие құралы” (#4 2025) журналына мектеп-гимназиясының 10 "В" сынып жетекшісі **Мұқамбетәзиев Аркен Мұқамбетәзіұлының “Қауіпсіз мектеп-қауіпсіз оқушы”** тақырыбындағы мақаласы (ҚМЖ) жарық көрді. Ақтөбе облыстық қоғамдық - саяси газетіне (№43 (21 596), 30 мамыр 2025 ж.) мектеп-гимназия директорының оқу орынбасары **Қаймолдин Талғат Маратұлының “Қалдырған ізін мәңгілік”** тақырыбындағы мақаласы жарық көрді. Республикалық ғылыми-әдістемелік “Мектептегі мерекелер” атты журналына мектебіміздің бастауыш класс мұғалімі **Отаралина Айнұр Елеуовнаның “Тәуелсіздік туы желбіресін!”** тақырыбындағы мақаласы (қысқа мерзімді жоспар) жарық көрді. Мектебіміздің тарих пәні мұғалімдері **Қарабасова Әсел Ертайқызының “Ғылыми оқытудың оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға әсері”** және **Ешмұқанова Ақмарал Қазыбайқызының “Ұлттық құндылықтарымыз арқылы оқушыларды отаншылдыққа тәрбиелеу”** тақырыбындағы мақалалары “Қазақстан тарихы” атты республикалық педагогикалық журналына жарияланды. Республикалық педагогикалық “Қазақ тілі мен әдебиеті” журналына мектебіміздің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі **Берегенов Аңсат Қайратұлының “Бейбітшілік - жаһандық даму кепілі”** тақырыбындағы мақаласы (қысқа мерзімді жоспары) жарық көрді. Облыстық “Ақтөбе” газетінің кезекті санында (#37 09.05.2025) мектебіміздің 7 “Б” класс оқушысы **Мұхамбетрашид Құттыгүлдің 9 мамыр - “Ұлы Отан соғысының” 80 жылдығына орай өзінің майдангер атасына арналған “Жарқын үлгі”** тақырыбындағы мақаласы жарық көрді. Аталған газеттің кезекті санында (#37 09.05.2025) мектебіміздің 2 “А” класс оқушысы **Шындаулет Дарынның 9 мамыр - “Ұлы Отан соғысының” 80 жылдығына арналған “Ешқашан ұмытпаймыз”** тақырыбындағы мақаласы жарық көрді. Облыстық “Ақтөбе” газетінің кезекті санында (#35 01.05.2025) мектебіміздің 7 “Б” класс оқушысы **Ниязбек Іңкәрдің “Қаптаған қалың жаудан тайсалмаған”** тақырыбындағы мақаласы жарық көрді.



## **«ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП – ОҚУҒА ҚҰШТАР ҰЛТ» ЖОБАСЫ БОЙЫНША АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР**

Республикалық деңгейдегі *«Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт»* жобасы аясында *«Әжемнің ертегілері»* атты челлендж өткізілді. Бұл іс-шарада әр оқушы өзінің әжесінің ертегісін тындап, баяндап берді. Шараға мектебіміздің 2-сынып оқушылары қатысты. Жариялаған кластар мектеп кітапханасы инстаграмына орналастырылды. Сонымен қатар осы айда жоспарланған «Үздік оқуға құштар мектеп бұрышы» атты облыстық байқау ұйымдастырылмады, яғни уақыты кейінге шегерілді.

Республикалық деңгейде өтіп жатқан *«Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт»* жобасы аясында **«Мен оқыған бір кітап»** атты оқыған кітапбын жарнамалау іс-шарасына біздің мектеп оқушылары өте жақсы деңгейде ат салысты. Атап айтар болсақ, 4 «О» класс оқушысы Есенова Даяна, 9 «В» класс оқушысы Жолдыбаев Мадияр, 5 «Ж» класс оқушысы Тулеген Айжұлдыз, 6 «А» класс оқушысы Дестанова Үміт, 3 «В» класс оқушысы Ержанова Амина, 8 «К» оқушысы Нұрғазы Ерасыл. Яғни осы оқушылар осы аталған іс-шарада мектеп кітапханасынан алған сүйікті кітаптарын жан-жақты талдап жарнама жасады.

**"Балалар кітапханасы"** және **"Оқуға құштар мектеп"** жобаларын жүзеге асыру мақсатында 14 ақпан – «Халықаралық кітап сыйлау» күніне 10-14 ақпан аралығында **"Шын жүректен кітап сыйла"** челленджі ұйымдастырылды. Аталған челленджге мектебіміз белсенділік танытып, бір-біріне немесе мектеп кітапханасына әр-түрлі жанрдағы көркем әдебиеттерді сыйға тартты. Сонымен қатар аталған жоба аясында 9 ақпан – ақын Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай мектеп оқушыларының арасында **«Өнегелі 15 минут»** іс-шарасы ұйымдастырылды. Поэзия минутына мектебіміздің 5 «Г», 6 «В» класс оқушылары ат салысты.

**"Балалар кітапханасы"** және **"Оқуға құштар мектеп"** жобаларын жүзеге асыру мақсатында ұлы ақын Абай Құнанбаевтың туғанына 180 жыл толуына орай **«Абай даналығы халық мұрасы»** тақырыбында челлендж ұйымдастырылды. Бұл челлендж қалалық деңгейде өткізілді. Челленджге мектебіміздің 10 «В» және 11 «Б» кластарының ер балалары қатысты.

Оқушы, мектеп ата-ана арасында байланыс орнату үшін **"Оқуға құштар мектеп"** жобасы аясында ұйымдастырылып жатқан **«Бір отбасы-бір кітап»** акциясына қатысушы **3"В"** сынып оқушысы Мұхтар Айару ата-анасымен бірге кітап оқып, жанұялық құндылықтарды нығайтып, білімге деген сүйіспеншілігін арттырады. **"Оқуға құштар мектеп"** жобасы отбасылық оқуды назарға алу мақсатында **" Бір отбасы-бір кітап"** тақырыбында отбасымен кітап оқу акциясына **3"А"** класс оқушысы Мұрат Айым қатысты. Балалар өз отбасыларымен бірге әдеби кітаптар оқып, оқыған кітаптарын өзара талқылады.

**«Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт»** жобасы аясында мектеп кітапханасында **«Менің үй кітапханамдағы кітаптар»** тақырыбында презентация ұйымдастырылды. **Мақсаты:** кітап оқу арқылы оқушылардың білім көкжиектерін дамыту. Аталған іс-шарада мектеп оқушылары өздерінің үйлеріндегі жеке кітапханаларын таныстырды.

Оқушы, мектеп ата-ана арасында байланыс орнату үшін **"Оқуға құштар мектеп"** жобасы аясында ұйымдастырылып жатқан **«Бір отбасы-бір кітап»** акциясына қатысушы **3"В"** сынып оқушысы Мұхтар Айару ата-анасымен бірге кітап оқып, жанұялық құндылықтарды нығайтып, білімге деген сүйіспеншілігін арттырады. **"Оқуға құштар мектеп"** жобасы отбасылық оқуды назарға алу мақсатында **" Бір отбасы-бір кітап"** тақырыбында отбасымен кітап оқу акциясына **3"А"** класс оқушысы Мұрат Айым қатысты. Балалар өз отбасыларымен бірге әдеби кітаптар оқып, оқыған кітаптарын өзара талқылады.

**«Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт»** жобасы аясында мектеп кітапханасында **«Менің үй кітапханамдағы кітаптар»** тақырыбында презентация ұйымдастырылды. **Мақсаты:** кітап оқу арқылы оқушылардың білім көкжиектерін дамыту. Аталған іс-шарада мектеп оқушылары өздерінің үйлеріндегі жеке кітапханаларын таныстырды.



### КІТАПХАНА ҚЫЗМЕТКЕРІНІҢ МАМАНДЫҚ БІЛКІТІЛІГІН АРТТЫРУ

22 қараша күні Назарбаев Зияткерлік мектебінде мектеп кітапханашыларының біліктілігін арттыру мақсатында **"Мектептегі оқу және ақпараттық сауаттылық - жұмыстың формалары мен әдістері"** тақырыбында семинар - практикум өтті. Семинар практикумға мектеп кітапханашысы Ниязова Венера Жалғасбайқызы қатысты. Семинарда мектеп кітапханашыларының біліктілігін арттыру мәселесі, оқу және ақпараттық сауаттылықты дамытудың заманауи әдістерімен таныстырды.

Семинар барысында, "Әдеби аквариум", "Reading Detective", "Оқиға текшелері", "Зерттеуші компасы", "Library Tic-tac-toe" практикум сабақтары жүргізіліп, кері байланыс жасалды. Семинар соңында қатысушыларға сертификаттар табысталды.



13-желтоқсан #62 Бауыржан Момышұлы атындағы орта мектебінде, қала мектептерінің кітапханашыларына арналған **"Кітап оқуды қолдау және дамыту: заманауи талаптар"** атты семинар өткізілді. Аталған семинарға мектеп кітапханашысы Берегенов Аңсат Қайратұлы қатысты. Семинарда #62 Бауыржан Момышұлы атындағы мектеп кітапханашылары өздерінің жұмыс жасаудағы әдістерімен бөлісіп, іс-тәжірибе таратты. Мектеп оқушылары Б.Момышұлы "Ұшқан ұя" шығармасынан үзінді қойып, 4 класс оқушылары өздерінің класс жетекшілерімен "Кітапханада жұмыс жасауға арналған платформа" тақырыбында жұмыс түрін ұсынды. Шара соңында 4 класс оқушылары әдемі әуенмен қорытындылады.



2025 жылдың 3 наурыз күні, Назарбаев зияткерлік мектебінде **«Оқуды насихаттауда шығармашылық әдіс-тәсілдер арқылы мектеп кітапханасындағы инновациялық жұмыс формаларын дамыту»** тақырыбында мектеп кітапханашыларына арналған семинар өтті. Семинарға мектеп кітапханашысы **Берегенов Аңсат Қайратұлы** қатысып, оқыту әдістемелері мен кітапхана қызметін дамытуға бағытталған жаңа идеялармен танысты. Шара барысында кітапханашылар

оқушыларды оқуға тарту жолдары мен шығармашылық тәсілдер арқылы инновациялық жұмыстарды дамыту мәселелерін талқылады.



С.Бәйішев облыстық әмбебап кітапханасында "Ұлт әдебиетінің жарық жұлдызы" атты оқырмандар конференциясы өтті. Аталған шара, "Оқитын өлке" акция аясында Сара Мыңжасарованың 100 жылдық мерейтойына арналған. Шарада ақынның қызы Қарлығаш Смағұлова, ақынды зерттеуші тұлға Мағира Дәулетбекқызы Қожахметова, сонымен қатар ақын апамызбен таныс болған жазушылар өз ойларымен бөлісіп, керемет естеліктермен бөлісті. Шараға мектеп кітапхана меңгерушісі Г.К.Утениязова тыңдарман болып атсалысты.

2025 жылдың, 5 наурыз күні **"BILIM QAZYNA"** КММ жоспарына сәйкес, № 46 орта мектебінде, қалалық мектеп кітапханашыларына арналған **"Кітапхана - оқушылардың шығармашылық ортасы"** тақырыбында семинар өтті. Семинарға мектеп кітапханашысы **В.Ж. Ниязова** қатысты. Семинар барысында кітапханашылардың кәсіби шеберлігін жетілдіріп, балаларға кітап оқытудың әртүрлі әдіс-тәсілдермен қолдану ұсынылды, сонымен қатар, мектеп оқырмандары өз оқыған кітаптарынан ой бөлісті.



**"Көкжиек - Горизонт"** баспасының ұйымдастыруымен білім беру мекемелері қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және кітапхана қорын жаңарту аясында **"Қазақстан мектептеріне арналған оқу, ғылыми-танымдық және көркем әдебиеттің жаңа басылымдары"** тақырыбында zoom платформасы арқылы вебинар өтті. Бағдарламада: ҚР жаңа МЖМБС - на (ГОСО) сәйкес оқу әдебиеттерінің соңғы үрдістеріне шолу. Мектеп кітапханаларына арналған жаңа көркем және ғылыми танымдық кітаптардың тұсаукесері. Оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыру. Вебинарға әдіскерлер, мектеп кітапханашылары, неміс және ағылшын тілі пәні мұғалімдері қатысты. Кітапхана меңгерушісі **Г. Конскалиевна** да қатысым жасап, сертификатқа ие болды.



| Әлді                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   | Әлсіз                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>Кітапхана заманауи тұрғыда жабдықталған;<br/> Медиа оқу залы жасақталған;<br/> Онлайн семинар жүргізуге мүмкіндіктер туғызылған;<br/> Іс - шаралар өткізуге мүмкіндіктері мол;<br/> Мектеп оқулықтарының оқушыларға қолжетімділігі;<br/> Кітапханада мерзімді басылымдарға қолжетімділігі;<br/> Абонемент бөлімімен жұмыс жасау қолжетімді;<br/> «Алақап» жүйесінің қолданылуы.</p> | <p>Мұғалімдердің өткізілген шаралар мен ақпараттық сағаттар толық қатысым болмауы;<br/> Кітапханалық сабақтардың аздығы;<br/> Айлық есеп шығаруда «Алақап» жүйесіндегі ақпараттың тиімсіздігі;<br/> Қорды есептен шығару бойынша жоғарғы жақтан (облыстық білім басқармасы) рұқсаттың берілмеуі;<br/> Орыс тілінде өтетін іс-шараларға пән мұғалімдерінің тарапынан көмек көрсетілмеуі.</p> |
| Мүмкіндіктер                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           | Қауіп қатер                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
| <p>Мектеп кітапханасының қызметкерлерінің республикалық деңгейде іс-тәжірибе алмасып тұруы;<br/> «Алақап» жүйесі бойынша оқырмандарға тұрақты әрі жылдам қызмет көрсету;<br/> Жас мамандардарға әртүрлі деңгейде мүмкіндіктер туғызу;</p>                                                                                                                                              | <p>Есеп жазу кезінде толық ақпараттың берілмеуі;<br/> Оқырмандардың кітапханаға деген қызығушылығының жойылуына жол бермеу;</p>                                                                                                                                                                                                                                                             |

### Қорытынды:

Жансызды жандандыратын, жандыны жаңғыртатын – кітап. Кітап – білімнің қайнар көзі, рухани байлықтың қазынасы. Оқыған кітаптарыңыз ойыңызды кеңейтіп, қиялыңызды ұштайды, ал армандарыңызға жетуге шабыт береді. Біз кітапханашы ретінде оқырмандарды білім нәрімен сусындатуға, яғни оқырманды іздеген кітабымен қамтамасыз етеміз, және де әдеби шығармашылық кештерді тұрақты түрде жоспарға сәйкес ұйымдастырамыз.

### Ұсыныс:

Сынып жетекшілер тәрбие сағаттарында кітаптың шығу тарихы туралы ақпараттар мен кітапхананы пайдалану ережесін таныстыруы қажет (сынып жетекші немесе кітапханашы);  
Әрдайым кітапханаға келіп, жаңа түскен оқулықтар мен көркем әдебиеттермен танысу;  
Мұғалімдердің кітапхана қорына келіп түскен баспасөз материалдарымен үнемі ақпараттану;  
Мектеп кітапханасында өткізілетін әрбір іс-шараға белсенділік таныту;